

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 29 наурыздағы № 112-VII ҚРЗ.  
Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2022 ж., № 5-6, 25-күжат;

2019 жылғы 9 тамызда Чолпон-Атада жасалған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. ТОҚАЕВ*

Бейресми аударма

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы  
КЕЛІСІМ**

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 29-бабын негізге ала отырып,

Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - Одақ) тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтыла отырып,

Одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі - мүше мемлекеттер) қатысушылары болып табылатын 1989 жылғы 22 наурыздағы Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясында (бұдан әрі - Базель конвенциясы) көзделген халықаралық міндеттемелерді орындау қағидаттарын ұстанатындықтарын растай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісім Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) көзделген үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 1.2 және 2.3-бөлімдерінде көрсетілген қауіпті қалдықтарды (бұдан әрі - қалдықтар) мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде Одақтың кедендік аумағы арқылы трансшекаралық өткізуге байланысты қатынастарды реттейді.

**2-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"мемлекеттік органдар" - қалдықтарды трансшекаралық өткізу кезінде осы Келісімде және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мүше мемлекеттердің органдары;

"қорытынды (рұқсат беру құжаты)" - қалдықтарды трансшекаралық өткізу құқығын растайтын құжат;

"өтініш беруші" - құзыретті органға қалдықтарды трансшекаралық өткізуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу туралы өтінішпен жүгінген заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

"құзыретті орган" - мүше мемлекеттің қорытындыларды (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы;

"қалдықтарды трансшекаралық өткізу" - Одақ тауарлары болып табылатын қалдықтарды бір мүше мемлекеттің аумағынан әкету және оларды басқа мүше мемлекеттің аумағына, оның ішінде үшінші мүше мемлекеттің аумағы арқылы (ішкі транзит) әкелу, сондай-ақ қалдықтарды бір мүше мемлекеттің аумағынан әкету және оларды басқа мүше мемлекеттің аумағы арқылы осы мүше мемлекеттің аумағына әкелу

Осы Келісімде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Базель конвенциясына, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарттарға сәйкес қолданылады.

### 3-бап

Осы Келісімнің күші мүше мемлекеттердің өзара сауданы жүзеге асыруы кезінде қалдықтарды трансшекаралық өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғаларға қолданылады.

Жеке тұлғалардың дербес пайдалану үшін қалдықтарды трансшекаралық өткізуіне тыйым салынған.

### 4-бап

Қалдықтарды бір мүше мемлекеттің аумағынан Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы басқа мүше мемлекеттің аумағына трансшекаралық өткізу Базель конвенциясының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### 5-бап

Мүше мемлекеттерде қалдықтарды трансшекаралық өткізуді бақылау және қадағалау мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттерде қалдықтарды кему және (немесе) залалсыздандыру мақсатында оларды трансшекаралық өткізуге жол берілмейді.

### 6-бап

Қалдықтарды трансшекаралық өткізу Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін бірыңғай нысан бойынша құзыретті орган беретін қорытындының (рұқсат беру құжатының) негізінде жүзеге асырылады.

Қорытынды (рұқсат беру құжаты) өтініш берушіге мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде беріледі.

Қалдықтарды әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) аумағына қалдықтарды әкелу болжанатын мүше мемлекеттің құзыретті органы берген осындай қалдықтарды әкелуге арналған қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде, аумағынан қалдықтарды әкету болжанатын мүше мемлекеттің құзыретті органы береді.

Ішкі транзит жағдайында қалдықтарды әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беру осы баптың үшінші абзацында көрсетілген қалдықтарды әкелуге арналған қорытынды (рұқсат беру құжаты) және аумағы арқылы қалдықтарды трансшекаралық өткізу болжанатын мүше мемлекеттің құзыретті органы берген ішкі транзитке арналған қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

Қалдықтарды бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағы арқылы осы мүше мемлекеттің аумағына трансшекаралық өткізу кезінде қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беруді аумағы арқылы қалдықтар өткізілетін мүше мемлекеттің құзыретті органы аумағынан және аумағына қалдықтарды трансшекаралық өткізу болжанатын мүше мемлекеттің құзыретті органынан Базель конвенциясына сәйкес хабарламаны алғаннан кейін жүзеге асырады.

Қорытындылардың (рұқсат беру құжаттарының) көшірмелері тауарға ілеспе құжаттардың жинақтамасына қоса беріледі.

#### 7-бап

Аумағына қалдықтарды әкелу жүзеге асырылған мүше мемлекеттің және (немесе) аумағы арқылы қалдықтарды трансшекаралық өткізу жүзеге асырылған мүше мемлекеттің мемлекеттік органдары қалдықтарды қорытындыларсыз (рұқсат беру құжаттарынсыз) трансшекаралық өткізу фактілері анықталған кезде, сондай-ақ қорытындыларда (рұқсат беру құжаттарында) көрсетілген мәліметтер қалдықтардың трансшекаралық өткізілуіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру барысында алынған мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда, осындай фактілер анықталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде өз мемлекетінің құзыретті органы арқылы бұл туралы аумағынан қалдықтарды әкету жүзеге асырылған мүше мемлекеттің құзыретті органына хабар береді.

#### 8-бап

Аумағынан қалдықтарды әкету жүзеге асырылған мүше мемлекеттің құзыретті органы осы Келісімнің 7-бабында көзделген ақпаратты алған кезде: қалдықтар қорытындысыз (рұқсат беру құжатынсыз) трансшекаралық өткізілген жағдайда - Базель конвенциясының нормаларына сәйкес қалдықтарды қайтару не оларды экологиялық тұрғыдан негізделген тәсілмен жою жөнінде шаралар қабылдайды;

қорытындыда (рұқсат беру құжатында) көрсетілген мәліметтер қалдықтардың трансшекаралық өткізілуіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру барысында алынған мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда:

қорытындының (рұқсат беру құжатының) қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды және осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қорытынды (рұқсат беру құжаты) берілген өтініш берушіге, аумағына қалдықтарды әкелу жүзеге асырылған (болжанған) мүше мемлекеттің құзыретті органына және аумағы арқылы қалдықтарды трансшекаралық өткізу жүзеге асырылған мүше мемлекеттің құзыретті органына хабар береді (бұл көрсетілген құзыретті органдардың өтініш берушіге берілген қорытындыларды (рұқсат беру құжаттарын) кері қайтарып алуы үшін негіз болып табылады);

Базель конвенциясының нормаларына сәйкес қалдықтарды қайтару не оларды экологиялық тұрғыдан негізделген тәсілмен жою жөнінде шаралар қабылдайды.

#### 9-бап

Осы Келісімде көрсетілмеген қалдықтарды трансшекаралық өткізу тәртібіне, сондай-ақ тасымалдаушыға және авариялық жағдайларды болғызбау және жою, адам денсаулығына және қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру тәртібіне қойылатын талаптар мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

#### 10-бап

Қалдықтарды трансшекаралық өткізуге қатысты осы Келісімде және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген талаптарды орындамау немесе тиісінше орындамау мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

#### 11-бап

Аумағынан қалдықтарды әкету жүзеге асырылған мүше мемлекеттің құзыретті органы есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін жыл сайын осы Келісімге қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті кезең ішінде берілген қалдықтарды әкетуге арналған қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы есепті (электрондық пошта арқылы) аумағына қалдықтарды әкелу жүзеге асырылған мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

#### 12-бап

Мүше мемлекеттердің үкіметтері бір-біріне және Еуразиялық экономикалық комиссияға өз мемлекеттерінің құзыретті органдары туралы хабар береді.

Мүше мемлекеттердің үкіметтері құзыретті органдары өзгерген жағдайда, бұл туралы бір-бірін және Еуразиялық экономикалық комиссияны дипломатиялық арналар арқылы күнтізбелік 30 күн ішінде хабардар етеді.

#### 13-бап

Осы Келісімді қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

#### 14-бап

Осы Келісім Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Одақтың құқығына кіреді.

## 15-бап

Осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 16-бабында айқындалған тәртіппен күшіне енеді.

## 16-бап

Осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң осы Келісім күшіне енеді.

2019 жылғы 9 тамызда Чолпон-Ата қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, оның куәландырылған көшірмесін әрбір мүше мемлекетке жібереді.

*Армения Республикасының*  
Үкіметі үшін

*Ресей Федерациясының*  
Үкіметі үшін

*Қырғыз Республикасының*  
Үкіметі үшін

*Беларусь Республикасының* Үкіметі  
үшін

*Қазақстан Республикасының* Үкіметі  
үшін

Еуразиялық экономикалық  
одақтың кедендік аумағы  
арқылы қауіпті қалдықтарды  
трансшекаралық өткізу туралы  
келісімге

### ҚОСЫМША

## 20 \_\_\_ жыл ішінде қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуге (әкетуге) берілген қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы ЕСЕП

р/с №	ЕАЭО СЭҚ Т Н коды	Қауіпті қалдық тың атауы	Қауіпті қалдық тың көлемі (тонна мен)	Әкету мемлек еті	Ішкі транзит мемлек еті/ мемлек еттері	Әкелу мемлек еті	Өтініш беруші нің атауы	Әкелу мемлек етіндегі өтініш беруші нің контраг ентінің атауы	Көлік түрі	Қорыт ындын ың (рұқсат беру құжаты ның) нөмірі және күні	Қорыт ындын ың (рұқсат беру құжаты ның) колдан ылу кезеңі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Осымен осы мәтіннің толық екенін куәландырамын және 2019 жылғы 9 тамызда Чолпон-Ата қаласында қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімнің тең түпнұсқалы көшірмесімен;

Армения Республикасының Үкіметі үшін - Армения Республикасының Премьер - министрi Н.В. Пашинянмен;

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін - Беларусь Республикасының Премьер-министрі С.Н. Румаспен;

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А. Ұ. Маминмен;

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін - Қырғыз Республикасының Премьер-министрі М. Д. Абылгазиевпен;

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін - Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Д. А. Медведевпен;

Түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссиясында сақталады.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясының  
Құқықтық департаменті  
директордың орынбасары*

*В. А. Дорошкевич*

Осымен 2019 жылғы 9 тамыз Чолпан-Ата қаласында Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелерімен "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы" келісімінің қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі тең түпнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қалдықтарды басқарудағы  
мемлекеттік саясат департаменті директоры*

*М. Ошурбаев*